

4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

4-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны - 30

Тапсырма түрлері:

ДЖТ-Дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырмалар.

ҚЖ-Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар.

ТЖ -Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: дұрыс жауабын таңдауды қажет ететін сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық дағдыларын көрсетеді.

Нұсқа: 15 тапсырмадан тұрады: соның ішінде бірнеше жауап нұсқаларынан тұратын сұрақтар.

Қысқаша жауапты қажет ететін сұрақтар, толық жауапты қажет ететін тапсырмалар берілген.

Тапсырмаларда суреттер, кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған

Мысал үлгілері және балл қою кестесі

«Биология» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың биологиялық маңызы мысалдарының дұрыс қатарын анықтаңыз.

	Вегетативті көбею	Жынысты көбею	Гаплоидты хромосомалар	Диплоидты хромосомалар
A)	митоз	мейоз	мейоз	митоз
B)	митоз	мейоз	митоз	мейоз
C)	митоз	митоз	мейоз	мейоз
D)	мейоз	митоз	митоз	мейоз

[1]

2. Кестеде берілген ағзалар мен олардың көбею әдістерін сәйкестендіріңіз.

	Ағза		Көбею әдісі
1	Гидра	A	Фрагментация
2	Жауынкұрт	B	Екіге бөліну
3	Кәдімгі амеба	C	Жынысты жолмен
4	Үй қояндары	D	Бүршіктену

A) 1-A, 2-B, 3-C, 4-D


B) 1-B, 2-A, 3-D, 4-C

C) 1-D, 2-A, 3-B, 4-C

D) 1-D, 2-B, 3-A, 4-C

[1]

3. Суретінде жасыл мүктің даму циклі көрсетілген.



(i) Жасыл мүктің тіршілік циклінің басым сатысын атаңыз.

.....[1]

(ii) Мүктің тіршілік цикліндегі B әріпімен көрсетілген сатыны атаңыз.

.....[1]

4. Сызбада ашық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі бейнеленген.




Сызбада А және В әріптерімен көрсетілген бос орындарды толтырыңыз.[2]

5. Суретте ағзалардың ұрықтық даму кезеңдері көрсетілген.

(a) Ағзалардың ұрықтық даму кезіндерін ретімен жазыңыз.


.....[1]

(b) Суретте берілген ұрықтық даму кезіңін атап, ерекшелігін сипаттаңыз.



.....[2]

6. Суретте Галапагос аралдарында мекен ететін әртүрлі тұмсықтары бар шымшықтар көрсетілген.



(i) Суреттегі I және III шымшықтардың қорек түрлерін анықтаңыз.

.....
.....[2]

(ii) Егерде адам I және III шымшықтарға жемістің жұмсақ шырынымен қоректенетіндей жағдай жасаса тұмсық пішіндері қалай өзгеруі мүмкін?

.....[1]

(iii) Адамның іс- әрекеті арқылы жүзеге асырылатын сұрыптау түрін атаңыз.

.....[1]

7. Қазіргі кезде жабайы алма ағашын сұрыптау арқылы алманың бірнеше іріктемелері алынған. Сұрыптау жүргізудің негізгі мақсаттарын ұсыныңыз.

.....[2]

8. Тірі ағзалардың өзара әрекеттесуі және қоршаған ортаның абиотикалық элементтері-экожүйені құрайды. Су және құрлық экожүйелерінің абиотикалық факторларындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттаңыз.

.....[3]

9. Популяция терминіне анықтама беріңіз.


..... [1]

10. Арыстандарды тірі қалуға бейімділігі бойынша К-стратегиясына жатқызуға болады. Арыстанның стратегиясының артықшылығы мен кемшілігін түсіндіріңіз.

.....[2]

11. Қоян популяциясының санының өзгеруі төменде графикте берілген.

(а) Қоян популяциясы өзгеруін ескере отырып, графикте түлкі санының өзгеруін сызып көрсетіңіз [1]



(b) Популяциядағы дарактар санының өзгерісі себебін түсіндіріңіз

.....[1]

12. Кәдімгі жантақ (Бұршақ тұқымдасы) – Қазақстанның шөл және шөлейтті аймақтарында кездеседі.

Жантақ өсімдігінің тіршілік ортасына бейімделу жолдарын түсіндіріңіз.



.....[2]

13. Айрықша қорғауды қажет ететін, мысалы *қар барысы, ақбөкен* түрлерін сақтаудың маңыздылығына екі дәлел келтіріңіз.

.....[2]

14. Норвегиядағы Шпицберген аралында Дүниежүзілік Тұқым қорыны ұйымдастырылған. Осындай масштабты жобаны ұйымдастырудың себебі неде?

.....[2]

15. Үлкен қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында ауа ластануының алдын алу шарасын ұсыныңыз.

.....[1]